

**Төлемдерді қабылдау және аудару бойынша
қызмет көрсету туралы шарт
(Жалпы талаптар)**

Төлемдерді қабылдау және аудару бойынша қызметтерді көрсету туралы осы Шарт (бұдан әрі - Шарт) «ForteBank» АҚ-да (бұдан әрі - Банк) Төлеушілерден Клиенттің пайдасына Қашықтан банктік қызмет көрсету жүйесі (бұдан әрі - ҚБҚЖ) арқылы төлемдерді қабылдау мен аударудың жалпы талаптарын белгілейді.

Банк пен Клиент бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, ал әрқайсысы жеке «Тарап» деп немесе жоғарыда көрсетілгендей аталады.

Осы Шарт қосылу туралы шарт болып табылады және Банк Банктің ҚБҚЖ-да Клиенттен осы Шарттың ажырамас болып табылатын Төлемдерді қабылдау қызметтерін қосу туралы Өтінішті (бұдан әрі - Өтініш) қабылдаған күннен бастап бекітілген болып есептеледі.

Өтінішке қол қоя отырып, Клиент Шарт талаптарын оқығанын, түсінгенін және олармен келіскенін растайды және оларды уақытында және толық көлемде орындауға міндеттенеді.

Шарт Банктің forte.kz ресми сайтында орналастырылған.

Клиенттің, егер Банкте Клиент қол қойған Өтініштің көшірмесі болса, оны алмағаны/оқымағаны/қабылдамағаны туралы дәлел ретінде осы Шарттағы өзінің қолының жоқтығына сілтеме жасауға құқығы жоқ.

Осы Келісім Тараптардың құқықтарын, міндеттерін және Банк пен Клиент арасындағы басқа да құқықтық қатынастарды белгілейді, Банктің ҚБҚЖ арқылы Төлеушілерден Клиенттің пайдасына төлемдерді қабылдау және аудару бойынша Банктің қызметтерін көрсету талаптары мен тәртібін белгілейді.

1. Шартта қолданылатын ұғымдар мен анықтамалар

- 1.1. Клиент - заңды тұлға, жеке кәсіпкер, шаруа қожалығы, жеке сот орындаушысы, жеке нотариус, адвокат, кәсіпқой медиатор, оның пайдасына Төлеуші көрсеткен қызметі үшін төлем жасайды немесе шартта және/немесе заң талаптарында белгіленген оның басқа міндеттемелерін орындау мақсатында төлем жасайды.
- 1.2. Төлеуші – Банкке банктік шотынан Клиенттің пайдасына оның Банкте ашылған банктік шотына ақша аударуға Тапсырма беретін жеке тұлға.
- 1.3. Тапсырма - Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің қауіпсіздік рәсімдері мен талаптарын сақтай отырып, ҚБҚЖ арқылы Банкке жіберілген Төлеушінің Банкте ашылған банктік шотына салынған ақшаны Клиенттің банктік шотына аудару туралы Банкке берілетін тапсырма.
- 1.4. ҚБҚЖ - бұл интернет және мобильді банкинг жүйелерін, өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдарын қамтитын бағдарламалық кешен, ол арқылы Банк пайдаланушыларға электрондық банктік қызметтерді ұсынады. Бұл ретте, Клиент қашықтықтан банктік қызмет көрсету арналарының көрсетілген тізбесі Банктің қалауы бойынша осы Шарттың қолданылу кезеңінде өзгертілуі/толықтырылуы мүмкін екендігімен келіседі.

2. Шарттың мәні

- 2.1. Банк Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Клиенттің пайдасына ҚБҚЖ арқылы келіп түскен Төлеушілердің Тапсырмаларын (бұдан әрі - Төлемдер) қабылдауға және орындауға, ал Клиент Банкке Төлеушілердің Тапсырмаларын қабылдау және орындау бойынша Банк көрсеткен қызметтер үшін сыйақы төлеуіне міндеттенеді.

- 2.2. Қабылданған Төлемдер Өтініште көрсетілген Клиенттің банктік шотына аударылады. Шарттың қолданылу кезеңінде Банк ұсынатын төлем қызметтерін ұсынудың ең ұзақ мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзімдерге сәйкес келеді.
- 2.3. Клиент Шарт бойынша мыналарды растайды және кепілдік береді:
- 1) Шартты бекіту кезінде Шартты бекіту үшін барлық қажетті өкілеттіктер мен құқықтарға ие екендігін, онда барлық рұқсат құжаттарының бар екендігін (егер мұндай құжаттар міндеттемелерді орындау үшін қажет болса), сондай-ақ Шарт бойынша міндеттемелерді оның талаптарына сәйкес орындау үшін қажетті дағдылары мен білімінің бар екендігін;
 - 2) Шарттың бекітілуі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Клиент пен Төлеуші немесе үшінші тұлға арасында жасалған шарттарға, сондай-ақ Клиент қабылдаған басқа міндеттемелерге қайшы келмейтіндігін;
 - 3) Клиенттің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келетіндігін.

3. Банктің құқықтары мен міндеттері

3.1. Банк міндеттенеді:

- 3.1.1. Банктің қауіпсіздік рәсімдері мен Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ҚБҚЖ арқылы жіберілген Төлеушінің Тапсырыстарын қабылдауды және орындауды қамтамасыз етуге;
- 3.1.2. ҚБҚЖ-ның дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз етуге және ол тоқтатылған жағдайда, қызмет көрсетуді қалпына келтіру үшін барлық ықтимал шараларды қабылдауға;
- 3.1.3. демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын Клиентке Нұр-Сұлтан қ. уақытымен 11 (он бір) сағаттан кешіктірмей Банк өткен жұмыс күнінде орындаған Тапсырмалар туралы тізілімін (бұдан әрі – Тізілім) ұсынуға. Тізілім Тараптар келіскен нысанда жасалады және Клиентке Өтініште көрсетілген электрондық пошта адресі бойынша жіберіледі. Клиент Тізілімде көрсетілген мәліметтермен келіспеген жағдайда, Тізілімді алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банкке жазбаша түрде өзінің дәлелді қарсылықтарын ұсынуға міндетті. Егер көрсетілген мерзімде Клиент жазбаша қарсылық білдірмеген болса, Тізілімде көрсетілген мәлімет дұрыс болып саналады және Клиент Шарт талаптарына сәйкес, Тізілімде көрсетілген деректерге сүйене отырып, Банкке сыйақы төлеуге міндетті;
- 3.1.4. Банктің ресми сайтында тиісті ақпаратты орналастыру арқылы атауының, орналасқан жерінің және басқа деректемелердің өзгеруі туралы Клиентке хабарлауға;
- 3.1.5. Өтінішке сәйкес Клиентпен өзара қарым-қатынас жасау режимін қолдануға:
- а) «offline» режимінде өзара қарым-қатынас жағдайында Клиент төлеген төлемді сәйкестендіру мақсатында ҚБҚЖ-да Төлеушінің деректерін енгізу үшін тиісті параметрлерді (оқушының толық аты-жөні, Төлем кезеңі, Дербес шот және т.б.) қарастыруға;
 - б) «тізім бойынша» режимінде өзара қарым-қатынас жасау жағдайында:
 - Клиент ұсынған мәліметке (тізімге) сәйкес, ҚБҚЖ-да төлем (дербес шот, мекенжайы, есептелген берешек, көрсеткіштер және т.б.) туралы ақпаратты көрсету бойынша баптауларды орындауға;
 - Клиенттің жаңартылған мәліметтерін (тізімін) алғаннан кейін 2 жұмыс күні ішінде ҚБҚЖ-да төлем туралы ақпаратты өзекті қылуға;
 - в) «online» режимінде өзара қарым-қатынас жасау жағдайында:
 - Шартты орындау мақсатында Банк пен Клиенттің өзара қарым-қатынас жасауын, хабарламалармен, құжаттармен алмасуды қамтамасыз ету үшін Шарт бекітілген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде арнайы байланыс арнасын баптауға;
 - Тараптар келіскен техникалық құжаттама талаптарына сәйкес арнайы байланыс арнасының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;
 - Төлеуші төлем жасаған сәтте төлем туралы деректерді «online» режимде, Тараптар келіскен техникалық құжаттамаға сәйкес белгіленген байланыс арнасы арқылы

электронды түрде Клиентке беруге.

3.2. Банк құқылы:

- 3.2.1. операция жасалған күнгі Банктің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес, Клиенттен Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер үшін комиссия ұстап қалуға;
 - 3.2.2. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып және операция жасалған күнгі Банктің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес төлемді қабылдағаны үшін Төлеушіден қосымша комиссия алуға;
 - 3.2.3. Клиенттен (оның өкілінен) осы Шартты орындау үшін қажетті және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, сонымен қатар Төлемдерді қабылдау операцияларының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін тексеру мақсатындағы, сондай-ақ Клиентті (оның өкілін) тексеру және сәйкестендіру, бенефициарлық меншік иесін анықтау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды, салық резиденттігі, қызмет түрі және жасалған операцияларды қаржыландыру көзі туралы мәліметтерді, операцияларды жүргізуге байланысты құжаттарды талап етуге;
 - 3.2.4. қызметі жоғары тәуекелді қызмет түрлеріне жататын Клиенттен осы Шартқа сәйкес Төлемдерді есептеу үшін Банкте банктік шот ашуды талап етуге. Жоғары тәуекелді қызмет түрлеріне жататын қызметтерді Банк Банктің ішкі құжаттарына сәйкес өзі белгілейді;
 - 3.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте және жағдайларда, сондай-ақ келесі жағдайларда Шартты орындаудан және тоқтатудан біржақты бас тартуға:
 - 1) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес уәкілетті мемлекеттік орган жасаған тізбелерде (бұдан әрі - Тізбелер) Клиент туралы мәліметтер болса;
 - 2) егер операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарапы/қатысушысы Тізбеге енгізілген, халықаралық ұйым немесе шет мемлекет белгілеген ақшаны жылыстатудың, терроризмді қаржыландырудың және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландырудың айтарлықтай тәуекелдері бар елде тіркелген/орналасқан адам болса немесе егер осы операцияны/мәмілені орындауға мұндай тұлға қатысса;
 - 3) егер Клиент жүргізетін операцияларды зерделеу барысында олардың қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында жүргізіліп жатқандығы туралы күмән туындаса;
 - 4) Клиент Клиентті тиісті түрде тексеру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты беруден, сондай-ақ Клиенттің деректерін/дербес деректерін жинауға, өңдеуге және FATCA талаптарына сәйкес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы АҚШ-тың Салық қызметіне (Internal Revenue Service) беруге келісім беруден бас тартқан жағдайда;
 - 5) егер Банк Қазақстан Республикасының және шетел мемлекеттерінің, сондай-ақ Банктің қызметін, Банктің, сондай-ақ корреспондент банктің жария болып табылатын ішкі рәсімдерін және талаптарын қозғайтын заңнамасының талаптары бұзылады, бұзылуы мүмкін деп есептесе, сондай-ақ қолданысы Банк пен Клиентке қолданылатын, кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкциялар болған жағдайда (сонымен қатар, бірақ мұнымен шектелмей, Клиенттің тіркелген (немесе) орналасқан елімен, операция түрімен, сондай-ақ осы елдерге немесе осы елдерден төленген төлемдерге байланысты);
 - 6) Банкке және оның клиенттеріне қатысты, олардың мүдделеріне зиян келтіре отырып, заңсыз әрекеттерді жүзеге асыруға пайдаланылатын басқа жағдайларда.
- Шарт (іскерлік қатынастар) біржақты бұзылған жағдайда, Банк Клиентке оның Банкте бар адресі немесе телефон нөмірі бойынша электронды түрде (Клиенттің электрондық поштасына, SMS хабарлама) немесе пошта арқылы Шартты (іскерлік қатынастарды)

тоқтату күтілетін күнінен кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Шартты орындаудан бас тарту туралы хабарлайды;

3.2.6. Шартқа, Шартқа сәйкес көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерді қоса алғанда, бір жақты тәртіпте өзгерістер/толықтырулар енгізуге, бұл туралы мұндай өзгерістер күшіне еруге 10 (он) күнтізбелік күн қалғанда, мұндай өзгерістерді (сонымен қатар жаңа редакциясын) Банктің ресми сайтында www.forte.kz орналастыру арқылы Клиентке алдын ала хабарлауға, бұған біржақты өзгерту Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынатын жағдайлар қосылмайды.

Осы тармақта белгіленген тәртіпте Шартқа, Шартқа сәйкес көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерді қоса алғанда, енгізілген өзгерістер/толықтырулар туралы ақпарат жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң, мұндай өзгерістер/толықтырулар күшіне енеді;

3.2.7. Шартқа, Шартқа сәйкес көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерді қоса алғанда, өзгерістер/толықтырулар енгізуге, бұл ретте, біржақты өзгертуге Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынады, бұл туралы мұндай өзгерістер (сонымен қатар жаңа редакциясы) күшіне еруге 10 (он) күнтізбелік күн қалғанда, мұндай өзгерістерді Банктің ресми сайтында www.forte.kz орналастыру арқылы Клиентке алдын ала хабарланып, Клиенттің үнсіздіктен еркін білдіруі негізге алынады. Банк осы тармаққа сәйкес өзгерістер/толықтырулар енгізу туралы хабарламаны жариялаған сәттен бастап (он) күнтізбелік күн ішінде Клиенттің Шартқа өзгерістер мен толықтыруларды, оның ішінде Шартқа сәйкес қызметтер бойынша тарифтерді қоса алғанда, қабылдамауы туралы жазбаша өтінішін ұсынбауы оның еркін білдіруі болып табылады және Клиенттің осындай өзгерістермен/толықтырулармен келісетіндігін білдіреді;

3.2.8. Клиенттің алаяқтық немесе басқа заңсыз қызметінің ықтимал фактілері туралы дәлелді болжамдары болған кезде, даулы жағдай анықталған/шешілгенге дейін Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын тоқтата тұруға;

3.2.9. Банк Клиенттің банктік шотына ақшаны қателесіп аударған жағдайда, оның ішінде Төлеушінің өтініші бойынша, Клиенттен оған Өтініште көрсетілген деректемелер бойынша қағаз нұсқада және/немесе электрондық пошта арқылы хабарлама жіберу арқылы қателесіп аударылған ақшаны толық мөлшерде Банкке қайтаруды талап етуге;

3.2.10. Клиенттің фирмалық атауын және сауда белгісін жарнамалық мақсаттарда пайдалануға, сондай-ақ Клиентті Банктің клиенті ретінде көрсетуге;

3.2.11. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

4. Клиенттің құқықтары мен міндеттері

4.1. Клиент міндеттенеді:

4.1.1. Төлеушілерге Шарт бойынша Қызметтерді қолма-қол ақшасыз Банктің АБКЖ қолдану арқылы төлеуге болатындығы туралы өз бетінше хабарлауға;

4.1.2. Банк осы шартты орындауы үшін қажетті және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған, соның ішінде Төлемдерді қабылдау бойынша жүргізілетін операциялардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін тексеру мақсатында, сонымен қатар Клиентті (оның өкілін) тиісті түрде тексеру және сәйкестендіру үшін, бенефициарлы меншік иесін анықтау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды, салық резиденттігі, қызмет түрі және орындалатын операциялардың қаржыландыру көзі туралы мәліметтерді, операцияларды жүргізумен байланысты құжаттарды Банкке ұсынуға;

4.1.3. өз атауының, орналасқан жерінің, банктік және басқа деректемелерінің, Төлеушілерге көрсетілетін қызметтер тізімінің және кез келген басқа сипаттамаларының өзгергендігі туралы кем дегенде бұндай жоспарлы өзгерістерге дейінгі 10 (он) жұмыс күні бұрын Банкке жазбаша хабарлауға;

4.1.4. Банктің Шарт талаптарын орындауға қатысты барлық сұраныс хаттарына уақытында және толығырақ жауап беруге;

- 4.1.5. Осы Шартта белгіленген тәртіпте және операцияны орындаған күнгі Банк тарифіне сәйкес Банкке Шарт бойынша көрсетілген қызметтер үшін комиссия төлеуге;
- 4.1.6. Шарттың 3.1.3. тармағына сәйкес Тізілімде көрсетілген деректермен келіспеген жағдайда Тізілімді алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банкке жазбаша түрде өзінің уәжді қарсылығын ұсынуға;
- 4.1.7. Банктен Банктің Клиенттің банктік шотына қателесіп ақша аударғандығы туралы хабарламаны алған жағдайда, соның ішінде Төлеушінің өтініші бойынша, Өтініште көрсетілген деректемелер бойынша қағаз түрінде және/немесе электронды пошта арқылы Банктен тиісті хабарламаны алған күннен бастап 1 (бір) операциялық күн ішінде қате аударылған ақшаны толық көлемде Банкке қайтаруға;
- 4.1.8. Өтінішке сәйкес Банкпен қарым-қатынас тәртібін таңдауға:
- а) «offline» тәртібінде қарым-қатынас жасаған жағдайда Клиенттің төлемін сәйкестендіру мақсатында Банкке Төлеушінің деректерді енгізуі үшін (оқушының ТАӘ, төлем кезеңі, дербес шот және т.б.) тиісті параметрлерді ұсыну;
 - б) «Тізім бойынша» тәртібінде қарым-қатынас жасаған жағдайда:
 - Банкке Төлеушілер үшін төлем туралы актуалды ақпарат (дербес шот, мекенжайы, есептелген берешек, көрсеткіштер және т.б.) көрсетілген мәліметті (тізімді) ұсыну;
 - жаңартылған мәліметтерді (тізімді) Банк ақпаратты ҚБҚЖ-де белсендендіруі үшін Банкке уақытында жолдауға;
 - в) Банкпен «online» тәртібінде қарым-қатынас жасаған жағдайда:
 - Шартты орындау мақсатында Банк пен Клиент арасында қарым-қатынасты, хабарламама, құжат алмасуын қамтамасыз ету үшін Шарт бекітілген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде арнайы байланыс каналын баптауды жүзеге асыруға;
 - Тараптармен келісілген техникалық құжаттама талаптарына сәйкес арнайы байланыс каналының жұмыс жасауын қамтамасыз етуге;
 - арнайы байланыс каналы бойынша жолданған Банк сұраныстарына уақытында жауап берілуін қамтамасыз етуге.
- 4.1.9. жүйелі түрде forte.kz адресі бойынша Банктің ресми сайтында Шартқа, Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерге енгізілген өзгерістер/толықтырулар туралы ақпараттың орналастырылуын қадағалау;
- 4.1.10. ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтауға, оның ішінде Банктің ақпараттық активтерінің қауіпсіздігі мен құпиялығын қамтамасыз ету бойынша шаралар қолдануға, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздіктің бұзылуынан, сонымен қатар Клиенттің және/немесе Клиенттің кінәсінен үшінші тұлғалардың араласуының салдарынан болған Банктің ақпараттық жүйесінің жұмысындағы ақауларынан және олардың қауіпсіздігін бұзудан туындаған Банкке келтірілген залалды Шартта белгіленген тәртіпте өтеуге.

4.2. Клиент құқылы:

- 4.2.1. Шартта қарастырылған талаптарда Банктен қабылданған төлемдер бойынша ақпарат алуға;
- 4.2.2. Банктен Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындауын талап етуге;
- 4.2.3. Банк осы Шарт бойынша ұсынатын қызметтерді жарнамалау мақсатында, Банктің алдын ала келісімімен және Банк белгіленген тәртіпте ғана Банктің фирмалық атауы мен тауар белгісін жарнамалық мақсатта пайдалануға;
- 4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта қарастырылған өзге құқықтарды жүзеге асыруға.

5. Комиссиялық сыйақы мөлшері және төлеу тәртібі

- 5.1. Осы Шарт бойынша көрсетілген қызмет үшін комиссияны Банк операция жүргізу күнгі Банктің тарифтеріне сәйкес Төлем сомасынан ұстап қалады. Төлем Клиентке Банкке тиесілі комиссия сомасы шегеріліп түседі.
- 5.2. Клиент осы Шартқа қол қоя отырып Шарт бойынша Банк алдындағы ақшалай

міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген жолмен Клиенттің Банкте, Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жерлердегі банктерде және/немесе банк операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған кез келген банктік шоттарынан ақша алуға құқылы екендігімен келіседі.

6. Тараптардың жауапкершілігі

- 6.1. Тараптар Шарт бойынша қабылданған өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.
- 6.2. Банк Клиентке Төлемдерді орындамағаны немесе тиісті орындамағаны үшін, әр мерзімі өткен операциялық күн үшін Банк орындалмаған немесе тиісті түрде орындалмаған Төлем сомасының 0,1 (нөл бүтін оннан бір)% мөлшеріндегі өсімпұлды, бірақ залалды емес, бірақ кез келген жағдайда, көрсетілген соманың 5 (бес)% артық емес соманы төлейді.
- 6.3. Клиент осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда Банк міндеттемелерді бұзудың әрбір жағдайы бойынша мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған міндеттеме сомасынан 0,1 (нөл бүтін оннан бір) % мөлшерінде Клиенттен өсімақы өндіріп алуға құқылы, бірақ кез келген жағдайда, көрсетілген соманың 5 (бес)% артық емес.
- 6.4. Банк мыналар үшін жауапкершілік көтермейді:
 - Қазақстан Республикасының қолданысқа енгізілген нормативтік құқықтық актілерінің салдарынан туындаған Шарт талаптарының өзгерісі үшін;
 - Төлеушінің Тапсырманы орындау үшін қажетті төлем құжаттарында көрсеткен мәліметтерінің дұрыстығы үшін;
 - Клиент ұсынған төлем туралы ақпараттың дұрыстығы және толықтығы үшін, сонымен қатар Клиент тиісті мәліметтерді (тізімді) («тізім бойынша» тәртібінде қарым-қатынас жасаған жағдайда) уақытында бермеген жағдайда төлем туралы ақпаратты уақытында ҚБҚЖ-де белсендендіру үшін;
 - Клиент Шарттың 4.1.3. тармағында көрсетілген өзгерістер туралы уақытында хабарламаған жағдайда, Төлеушіден қабылдаған Тапсырма бойынша Клиентке ақшаны уақытында аудармағаны үшін, сонымен қатар Клиент кінәсінен арнайы байланыс каналының жұмыс жасамауы үшін («online» режимінде қарым-қатынас жасауы жағдайында).
 - Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңына сәйкес ақшамен және (немесе) басқа мүлікпен жүргізілетін операциядан бас тартқаны, сонымен қатар тоқтатқаны үшін.
- 6.5. Тараптар, егер басқасы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылмаса, Клиенттің Банкке шығындарды өтетуі құқығы Банктің тұрақсыздық айыбын төлеуімен ғана шектелетіндігімен келіседі.
- 6.6. Ақпараттық қауіпсіздікті бұзудың, сондай-ақ Клиенттің және/немесе үшінші тұлғалардың араласуынан Клиенттің кінәсінен туындаған Банктің ақпараттық жүйелерінің жұмысындағы ақаулардың және олардың қауіпсіздігін бұзудың салдарынан туындаған Банкке залал келтірілген жағдайда, Клиент Банктің жазбаша талабын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Банкке келтірілген залалды өтейді.
- 6.7. Клиент Шартқа қол қоя отырып шетел мемлекеттерінің заңнамаларында белгіленген шектеулер мен тыйым салуларға және әрекеттері Клиентке және оның Банк немесе Банк арқылы жүргізетін операцияларына (соның ішінде, бірақ шектелмей, операциялар түрімен, Клиенттің тіркелген және (немесе) орналасқан елімен, сонымен қатар осы елдерге немесе осы елдерден жүргізілетін төлемдермен байланысты) таралатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның хүкіметіне сәйкес санкцияларға байланысты туындауы мүмкін тәуекелдер мен барлық салдарын (соның ішінде шығындар мен жіберілген пайдаларды) өз

мойнына алады. Банк бұл тәуекелдер мен салдар (соның ішінде шығындар мен жіберілген пайдалар) үшін жауапкершілік көтермейді.

7. Құпиялылық

- 7.1. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы Шарт талаптарын үшінші тұлғаларға жарияламауға, сондай-ақ келіссөздер жүргізу, осы Шартты жасасу және орындау барысында басқа Тараптардан алынған қаржылық, коммерциялық және өзге де ақпаратты (бұдан әрі– Құпия ақпарат) қатаң құпияда сақтауға міндеттенеді.
- 7.2. Құпия ақпаратты күзету тәртібін Тараптар басқа тарапқа Құпия ақпаратты жария етпеу туралы өзінің кез келген және әрбір қызметкеріне және лауазымды тұлғасына хабарлау арқылы сақтайды, егер мұндай ақпарат өзінің қызметтік міндеттерін орындағанда қол жеткізілген болса ғана. Бұл ретте, хабарламада Тараптар өз қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларына басқа Тараптың құпия ақпаратын жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап беретінін ескертеді.
- 7.3. Құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға беру, жариялау немесе тарату екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімімен ғана, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында мұндай ақпаратты алуға тікелей өкілеттік берілген органдардың және лауазымды тұлғалардың талаптары бойынша мүмкін болады.
- 7.4. Егер Тарап құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға ашуға ниет білдірсе
 - бұл туралы Құпия ақпараттың меншікті иесі болып табылатын басқа Тарапқа хабарлап, оның Құпия ақпаратты ашуға алдын ала жазбаша келісімін алуы қажет;
 - егер мұндай ақпарат иесінен Құпия ақпаратты жария ету үшін жазбаша келісімі алынған жағдайда, үшінші тұлғадан оған ұсынылатын Құпия ақпаратты жария етпеу талаптарын сақтау туралы жазбаша міндеттемені алдын ала алу керек.
- 7.5. Тараптар Шарттың мазмұнына байланысты Құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға жарияламауға міндеттенеді, Банктің осындай ақпаратты өзінің контрагентіне (-теріне) ашу жағдайларын, осындай тұлғамен (-лармен) контрагенттің (-тердің) үшінші тұлғаларға алынған/алынатын құпия ақпаратын жарияламау жөніндегі міндеттемелерді қабылдауы оның мәні болып табылатын келісімді осындай тұлғамен (-лармен) жасау шартында, сондай-ақ мұндай жариялау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдардың сұранымдары негізінде жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда. Шарттың осы бөлімінің талаптарын бұзған жағдайда кінәлі Тарап екінші Тарапқа Құпия ақпаратты жариялауға қатысты келтірілген барлық құжатпен дәлелденген шығындарды өтеуге міндетті.
- 7.6. Тараптардың қызметкерлері бір-бірінің Құпия ақпараттарымен Шарттың мақсатына жететіндей дәрежеде танысулары тиіс.
- 7.7. Құпиялылық туралы талап мерзімсіз сақталады.
- 7.8. Клиент Шартқа қол қоя отырып, Банкке жеке мәліметтерді және Компанияға қатысты басқа құпия ақпараттарды өңдеуге, соның ішінде Тапсырыс беруші өз көзқарасы бойынша қажет деп тапқан кез келген мақсатта пайдалануға өзінің шартсыз және қайтарып алусыз келісімін береді. Тараптардың үшінші тұлғалар туралы оларға белгілі, бұндай тұлғалардың жеке мәліметтері болып табылатын, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты кез келген түрде беру беруші Тарап бұндай үшінші тұлғалардан бұндай ақпаратты беру (өңдеуге, соның ішінде сәйкес мақсаттар үшін пайдалануға) және бұндай келісімде белгіленген туралы сәйкес келісімді алғаннан кейін ғана және бұндай келісімде белгіленген көлемде жүзеге асырылады. Тараптар жеке мәліметті, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес қорғалатын құпияны құрайтын, екінші Тараптан алынған ақпаратты жарияламауға міндеттенеді.

8. Форс мажор

- 8.1. Егер міндеттемені орындамау немесе тиісті түрде орындамау еңсерілмейтін күш

салдарынан болған болса, Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

- 8.2. Еңсерілмейтін күш жағдайлары ретінде Тараптар Шарт бекітілгеннен кейін келесідей төтенше сипаттағы күтпеген және бұлтартпас оқиғалар салдарынан туындаған оқиғаларды түсінеді (бірақ, бұлармен шектелмей): аудандарда жүріп жатқан, ресми түрде солай деп расталған, соғыс және соғыс қимылдары, табиғат немесе басқа апаттар, Қазақстан Республикасының заң шығарушы және/немесе атқарушы органдарының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Шарт мәніне тікелей қатысты қызметтерге тыйым салатын немесе шектейтін әрекеттері.
- 8.3. Егер Тараптардың бірі еңсерілмейтін күш жағдайларының себептерінен Шарт талаптарын орындай алмаса, бұндай жағдайлардың болғандығы және/немесе тоқтатылғандығы туралы еңсерілмейтін күш жағдайлары болған және/немесе тоқтатылған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарлауға міндетті, бұндай Тарап үшін еңсерілмейтін күш жағдайларының салдарынан екінші Тарапқа хабарлама жолдау мүмкін болмаған жағдайларды қоспағанда.
- 8.4. Еңсерілмейтін күш жағдайларының болғандығының және ұзақтығының дәлелі ретінде Қазақстан Республикасының құзыретті органдарынан берілген құжаттар бола алады. Жалпыға мәлім еңсерілмейтін күш жағдайлары қосымша дәлелдерді немесе хабарламаларды қажет етпейді.
- 8.5. Осы Шарт бойынша Тарап Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы тиіс мерзім еңсерілмейтін күш жағдайларының туындауына байланысты Тарап оларды орындай алмаған мерзімге ұзартылады. Егер еңсерілмейтін күш жағдайлары 2 (екі) айдан артық созылса, Шартты бұзу туралы оны бұзудың болжалды күнінен кем дегенде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын екінші Тарапқа хабарлай отырып, Тараптардың кез келгені бір жақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

9. Шарттың әрекет етуі

- 9.1. Шарт Банк Клиенттен қол қойылған Өтінішті қабылдаған күннен бастап күшіне енеді.
- 9.2. Шарт 12 (он екі) айға жасалады және егер Тараптардың ешбірі Шарт мерзімі аяқталғанға дейін кем дегенде бір ай бұрын Шарттың әрекет етуін тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламаса, автоматты түрде кезекті кезеңге мерзімі ұзартылады.
- 9.3. Шартты бұзу туралы оны бұзудың болжалды күнінен кем дегенде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын екінші Тарапқа хабарлай отырып, Тараптардың әрқайсысы бір жақты соттан тыс тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.
- 9.4. Тараптардың ақшалай міндеттемелері, сонымен қатар Тараптардың Шартты бұзғаны үшін жауапкершіліктерін белгілейтін міндеттемелер оларды толық орындағанға дейін сақталады. Шартты тоқтатудың барлық жағдайларында Тараптар өзара есеп айырысуды салыстыру актісінің негізінде өзара есеп айырысуды жүргізуге міндеттенеді.

10. Дауларды шешу тәртібі

- 10.1. Шарттан немесе оған байланысты туындауы мүмкін барлық дау мен келіспеушілікті мүмкіндігінше Тараптар келіссөздер жүргізу арқылы шешеді.
- 10.2. Тараптар Шартқа байланысты және оған қатысты туындайтын барлық дауды (келіспеушілікті) Банктің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қарау туралы келісімге келді.

11. Басқа талаптар

- 11.1. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау әрекеттерін жүзеге асырады.
- 11.2. Осы Шарт шегінде шетел валютасында төлем қызметін көрсету кезінде, егер басқасы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылмаса, Банк белгілеген айырбастау бағамы қолданылады.

- 11.3. Шарт бойынша барлық хабарламалар жазбаша түрде қолма-қол және/немесе пошта қызметімен және/немесе факс және/немесе электрондық пошта арқылы Тараптар көрсеткен деректемелер бойынша жіберілген жағдайда, тиісті Тарап жіберді/алды деп саналады, таңдалған арналық байланыс адресатқа хабарламаның жеткізілуін растау қарастырылған жағдайда, егер Шартта арнайы өзгеше көзделмесе.
- 11.4. Тараптардың Шарт бойынша құқықтары мен міндеттерін екінші Тараптың жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға беруіне рұқсат етілмейді.
- 11.5. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі.
- 11.6. Осы Шартта реттелмеген барлық қарым-қатынас Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес жүзеге асырылады және реттеледі.